

**Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балаларға және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған консультативтік пункт туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелері

1.1. Осы ереже МДҰ-ның консультативтік пунктінің қызметін реттейді. Консультативтік пункт МДҰ-ға бармайтын 1-жастан 6 жасқа дейінгі балалар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдері) үшін құрылады және мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын МДҰ-ның құрылымдық бөлімі болып табылады.

1.2. Құру мақсаттары – отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірізділігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, МДҰ-ға бармайтын бала тұлғасының жан-жақты дамуын қолдау.

1.3. Негізгі міндеттері:

- балалардың дамуына жағдай жасауға жан-жақты көмек көрсету;
- бала тәрбиесіне, оқуы мен дамуына қатысты әртүрлі мәселелер бойынша консультативтік көмек көрсету;
- балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету;
- балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқушылықтарға кешенді профилактика өткізу;
- МДҰ мен балалар мен ата-аналарды (заңды өкілдерді) әлеуметтік және медициналық қолдайтын басқа ұйымдар арасында әрекеттестікті қамтамасыз ету;
- күрделі асқынулардың алдын алу мақсатында ерте кезеңде баланың мүддесіне қатысты жанжалдарды, қиын жағдайларды тану, болжау және шешу.

II. Консультативтік пункт қызметін ұйымдастыру

2.1. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған лекторийлерді, теоретикалық және іс-тәжірибелік семинарларды, ата-аналардың сұрауы бойынша жеке және топтық консультацияларды ұйымдастыру, жазбаша өтініші, телефонмен қоңырау шалу, МДҰ сайтының жұмысын ұйымдастыру бойынша сырттай консультация өткізуді ұйымдастыру және т. б.

2.2. Консультативтік пункт төмендегі мәселелер бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) көмек көрсете алады:

- МДҰ-ға бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру.
- Балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері.
- Мектепте оқуға дайындық.
- МДҰ-ға бармайтын мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқушылықтардың алдын алу.
- Білім беру бағдарламасын таңдау.
- Ойын қызметін ұйымдастыру.
- Балалардың тамақтануын ұйымдастыру.
- Балаларды шынықтыру мен сауықтыруға жағдай жасау.
- Әртүрлі санатты отбасынан шыққан балаларды әлеуметтік қорғау.

2.3. Отбасына көмек көрсету мақсатында Консультативтік пункт мамандары әңгімелесу формасында, диагностикалық зерттеулер жүргізу, балаларды қадағалауды ұйымдастыру арқылы қосымша ақпарат алу үшін балалармен жұмыс жүргізе алады және т. б.

2.4. Консультативтік пунктте ата-аналармен (заңды өкілдермен) және балалармен жұмыс әртүрлі формада өткізіледі: топтық, жеке.

2.5. Консультативтік пункт таңғы және (немесе) кешкі уақыттарда аптасына 2–3 рет жұмыс істейді.

2.6. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру мына мамандардың қызметтерін ықпалдастыру негізінде құрылады: тәрбиешінің, педагог-психологтың, логопед мұғалімнің, медициналық қызметкердің және басқа мамандардың. Консультативтік пунктке жұмысқа тартылған мамандар саны МДҰ түрімен, оның кадрлық құрамымен анықталады.

2.7. Педагогтердің құқықтары, әлеуметтік кепілдіктері мен жеңілдіктер ҚР заңнамасымен, еңбек шартымен анықталады.

2.8. Консультативтік пункт қызметін тіркеу үшін келесі құжаттаманы жүргізу қажет:

- жүгінулерді тіркеу журналы;
- консультативтік пунктке келу журналы;
- консультативтік пункт жұмысының жоспары;
- консультативтік пункт жұмысының кестесі;
- өткізілген дәрістер, семинарлар кестесі және т. б.;
- ата-аналар (заңды өкілдер) мен МДҰ басшысы арасындағы шарттар, оған тараптардың өзара құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі кіреді.

2.9. Консультативтік пункт ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай
балабақшасының бұйрығымен және

271 (н/р) бұйрығымен ашылады, онымен
(МДҰ басшысы бұйрығының атауы)

Консультативтік пункт туралы ереже, штаттық кесте, қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, жұмыс тәртібі бекітіледі. Консультативтік пунктті ол жанында құрылған МДҰ басшысы тікелей басқарады.

Мектепке дейінгі ұйымға бармайтын ерте жастағы балалардың ата-аналары үшін консультациялық пункт құру жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже ЖШС «Дип-Асыл-2» балабақшадағы ата-аналарға арналған кеңес беру пунктiнiң жұмысын реттейдi.

Мектепке дейiнгi ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына әдiстемелiк, педагогикалық, консультациялық көмек көрсету жөнiндегi консультациялық пункттi құру және оның жұмыс тәртiбiн айқындайды (бұдан әрi – Пункт).

1.2. Пункт балабақшаға бармайтын балалардың ата-аналары үшiн құрылады.

1.3. Пункт мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытудың үлгiлiк оқу бағдарламасын iске асыратын балабақшаның құрылымдық бiрлiгi болып табылады.

2. Мақсаты мен мiндеттерi

2.1. Мақсаты – мектепке дейiнгi бiлiмге қол жеткiзу, мектепке дейiнгi тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ерте жастағы балалардың ата-аналарының педагогикалық құзыреттiлiгiн арттыру.

Мiндеттерi:

- ата-аналарға консультациялық қолдау көрсету және баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерiнде олардың педагогикалық құзыреттiлiгiн арттыру;
- белгiлi бiр себептермен балабақшаға бара алмайтын балаларды әлеуметтендiруге көмектесу;
- Пункт қызметi шеңберiнде балаға көрсетiлетiн бiлiктi көмектiң түрлерi туралы ата-аналарға қажеттi ақпарат беру арқылы балабақшаға бармайтын балалардың ата-аналарына көмек көрсету.

3. Қызметтi ұйымдастыру

3.1. Пункт балабақша базасында меңгерушiнiң бұйрығы негiзiнде қажеттi санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы жағдайлар, өрт қауiпсiздiгi, кадрлық қамтамасыз ету ережелерiн сақтау, қажеттi бағдарламалық-әдiстемелiк материалдар болған кезде құрылады.

3.2. Жұмысқа жалпы басшылық балабақша меңгерушiсiне жүктеледi.

3.3. Пункт МДҰ меңгерушiсiнiң бұйрығымен бекiтiлген жұмыс кестесiне сәйкес жұмыс iстейдi.

3.4. Ата-аналарға педагогикалық көмек мамандардың (әдiскер, тәрбиешi, логопед, медбике, музыкалық жетекшi, дене тәрбиесi нұсқаушысы, педагог-психолог және т.б.) қызметiн бiрiктiру негiзiнде көрсетiледi. Ата-аналарға кеңес берудi бiр уақытта бiр немесе бiрнеше маман жүргiзе алады. Мамандардың жұмыс режимiн балабақшаның жұмыс режимiне сүйене отырып, МДҰ меңгерушiсi дербес анықтайды.

3.5. Консультациялық қызметтердi алу үшiн ата-аналардан төлем алынбайды.

3.6. Ата-аналарға көмек көрсетудiң негiзгi нысандары:

- ата-аналардың өтiнiшi бойынша онлайн және офлайн консультациялар, олар барлық отбасы мүшелерiнiң тәрбиесiндегi балаға қойылатын бiрыңғай

талаптарды әзірлеуге, педагогикалық мәдениетті қалыптастыру бойынша педагогикалық ағартуға бағытталған;

- ата-аналардың қатысуымен баламен түзету-дамыту сабақтарын өткізу;
- баламен өзара әрекеттесу тәсілдерін үйрету мақсатында ата-аналармен және олардың балаларымен бірлескен сабақтар өткізу;
- балабақша мамандарын тарта отырып, мастер-кластар, тренингтер, практикалық семинарлар ұйымдастыру.

3.7. Ата-аналарға баланың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік әсердің негізгі бағыттары, дағдарыстық жағдайларды жеңу туралы педагогикалық кеңес беру мақсатында теориялық және практикалық семинарлар ұйымдастыру.

3.8. Әдістемелік, консультациялық көмек алу үшін ата-аналар балабақшаға жеке немесе телефон арқылы жүгінеді.

3.9. Көрсетілген тақырыпқа сүйене отырып, әкімшілік кеңес беру үшін қажетті ақпаратты толық меңгерген маманды тартады.

3.10. Ата-аналардың осы қызметке қажеттілігінің болмауына байланысты пункт қызметі шеңберінде консультациялық көмек тоқтатылады.

4. Консультациялық пункттің қызметін бақылау

4.1. КП жұмысына тікелей бақылауды балабақша меңгерушісі жүзеге асырады.

4.2. Пункттің қызметі туралы есеп педагогикалық кеңестің қорытынды отырысында тыңдалады.

ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай
балабақшасы

Бұйрық № 271 п/к

2026 жылғы

Кентау қаласы.

Консультациялық пункт

Жұмысын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің 48-51 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі орта техникалық және білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 118 тармағын орындау мақсатында 2025-2026 оқу жылында балалары балабақшамен қамтылмаған ата-аналарға арналған консультациялық пункт жұмысы ұйымдастырылсын.

1. Бекітілсін:
 - 1.1.1. Консультациялық пунктте жұмыс жасайтын жауапты мамандар тізбесі (қосымша 1)
 - 1.1.2. Консультациялық пункттің жұмыс кестесі (қосымша 2)
 - 1.1.3. Консультациялық пункттің жұмыс жоспары (қосымша 3)
 - 1.1.4. Консультациялық пунктте өткізілген іс-шараларды сайтқа жүктейтін, жариялайтын маман (қосымша 4)
2. Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру және жүргізу 1-қосымшада бекітілген мамандарға жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және қадағалау балабақшаның әдіскеріне жүктелсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 118 тармағы.

Балабақша меңгерушісі:



Б.Н.Мусабаева

Бұйрықпен таныстым:

Назирбек Н.М.
(Т.А.Ә)

Назир
(қолы)

01.09.2026 ж.
(күні, айы)

Мектеп жасына дейінгі балаларды үйден тәрбиелейтін отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша

2026/2027 оқу жылына арналған

консультативтік пункттің жұмыс жоспары

Мерзімі	Негізгііс-шаралар	Жауаптылар
Қыркүйек	Консультативтікпункттіңжұмысынұйымдастыру. Ата-аналардыпункттіңмақсат-міндеттеріментаныстыру	Әдіскер, педагог
Қыркүйек	«Баланыңмектепкедейінгікезеңдегіпсихологиялықкерекшеліктері» тақырыбындакеңес	Педагог-психолог
Қыркүйек	«Балатәрбиесіндегіата-ананыңрөлі» тақырыбындаәңгімелесу	Тәрбиеші
Қазан	«Денешынықтыру – денсаулықкепілі» тақырыбындакеңес	Тәрбиеші
Қазан	«Баланыңкүнтәртібіжәнедұрыстамақтануы» тақырыбындакеңес	Медбике, тәрбиеші
Қараша	«Музыкалық-эстетикалықдамудыңбалатәрбиесіндегімаңызы» тақырыбындакеңес	Музыкажетекшісі
Қараша	«Баланыңшығармашылыққабілетінқалайдамытуғаболады?» практикалықкеңесі	Тәрбиеші
Желтоқсан	«Танымдық-тілдікдаму – баланыңболашақжетістігініңнегізі» тақырыбындакеңес	Тәрбиеші,
Желтоқсан	«Баланыңсөздікқорынмолайтудыңтиімдіжолдары» тақырыбындакеңес	Қазақ тілі маманы
Қантар	«Ойынарқылыбаланыңтанымдыққабілетіндамыту» тақырыбындакеңес	Тәрбиеші
Ақпан	«Мектепкедайындық: баланенібілуіжәнеістейалуыкерек?» тақырыбындакеңес	Әдіскер, педагог-психолог
Ақпан	«Баланыңмектепкепсихологиялықдайындығы» тақырыбындаата-аналарғакеңес	Педагог-психолог
Наурыз	«Баланыңдербестігінқалыптастыру» тақырыбындапрактикалықкеңес	Тәрбиеші
Наурыз	«Отбасыменбалабақша – баладамуыныңортасеріктесі» тақырыбындакеңес	Әдіскер, тәрбиеші
Сәуір	«Қауіпсізбалалықшақ: үйжағдайындағықауіпсіздікережелері»	Меңгеруші

	тақырыбында кеңес	
Мамыр	«Мектепке дайындық: ата-анаға пайдалы кеңестер» тақырыбында қорытынды кеңес	Әдіскер, педагог-психолог
Мамыр	Консультативтік пункт жұмысының қорытындысы. Ата-аналардан кері байланысалу	Әдіскер, педагогтар

Негізгі бағыттар: баланың психологиялық дамуы; денешынықтыру және денсаулық; музыкалық-эстетикалық даму; танымдық-тілдік даму; мектепке дайындық; отбасымен балабақша аянтты мақтастығы.

Жоспардың мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына бала тәрбиесі, дамуы, денсаулығы, сөйлеуі және мектепке дайындығы мәселелері бойынша жүйелі консультативтік көмек көрсету.

2026-2027 оқу жылына арналған консультациялық пункт мамандарының жұмыс кестесі

№	Маманның аты-жөні	Өткізілу формасы	Апта күндері
1	Мусабаева Б.Н	Кеңес беру, зерттеу, ұсынымдар	Дүйсенбі Сәрсенбі
2	Қалдыбек Ж	Кеңес беру, зерттеу, ұсынымдар, әдістемелік көмек	Сейсенбі Бейсенбі
3	Акжигитова А	Кеңес беру, зерттеу, диагностика, ұсынымдар, сауалнама	Дүйсенбі, Жұма
4	Нұртасова А Маматкарим П	Кеңес беру, ұсынымдар, медициналық көмек	Жұма
5	Тульмурзаева Г	Кеңес беру, ұсыныс беру	Сейсенбі Бейсенбі

2026-2027 оқу жылына арналған консультациялық пункт жұмысының кестесі

№	Мамандар	Апта күндері	Уақыты
1	Мусабаева Б	Дүйсенбі Сәрсені	10.00-12.00
2	Қалдыбек Ж	Сейсенбі Бейсенбі	14.00-16.00
3	Акжигитова А	Дүйсенбі , Жұма	09.00-11.00
5	Нұртасова А Маматкарим П	Жұма	14.00-15.00
6	Тульмурзаева Г	Сейсенбі Бейсенбі	14.00-15.00

БЕКІТЕМІН
ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі

Б.Н.Мусбаева
2026ж



2026-2027 оқу жылындағы Консультациялық пункттің жұмысы

Ата аналарға арналған консультациялық пункт ақысыз жұмыс істейді. Өр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды.

Консультациялық пунктте жазылу телефон: 7471289492

Консультациялық пунктте мына төмендегі мамандар қабылдайды:

Меңгеруші- Мусабаева Б

Әдіскер- Қалдыбек Ж

Медбике- Маматкарим П Нұртасова А

Психолог- Акжигитова А

Тәрбиеші- Тульмурзаева Г